

Батыс Қазақстан облысының Ақжайық және Теректі аудандарының шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 мамырдағы N 884

"Батыс Қазақстан облысының Ақжайық және Тайпақ аудандарын тарату, Чапаев ауданын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 7 мамырдағы N 3489 Жарлығына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат) 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Таратылған Ақжайық ауданының аумағы қосылып Теректі ауданының;

Таратылған Тайпақ ауданының аумағы қосылып Ақжайық ауданының (қайта аталған Чапаев ауданының) шекаралары өзгертілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі